

Қаржасова Г.Б.,

PhD докторы, доцент

Феткулов А.Х.,

з.ғ.к., доцент

Орынбеков А.С.

з.ғ.м., аға оқытушы

Қазтұтынуодағы Қарағанды

экономикалық университеті

ЕСІРТКІ ЖӘНЕ ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАР

Түйін. Мақалада есірткі заттары немесе психотропты заттардың заңсыз айналымы жайлы мәселелер талқыланады. Сонымен қатар қазіргі таңда есірткі заттары немесе психотропты заттардың заңсыз айналымы қылымысымен күресу шаралары және алдыны алу жолдары, жауапкершілікке тарту жағдайлары зерттеледі.

Түйін сөздер: есірткі заттары немесе психотропты заттар, нашақорлық, есірткі бизнесі, заңсыз ай-налым, қылмыстық жауапкершілік.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы незаконного оборота наркотических средств или пси-хо тропных веществ. В то же время изучаются случаи незаконного оборота наркотических средств или психотропных веществ, а также способы предотвращения и ограничения подобных преступлений.

Ключевые слова: наркотические или психотропные вещества, наркотики, наркотики, незаконный оборот, уголовная ответственность.

Summary. The article deals with the issues of illicit trafficking in narcotic drugs or psychotropic substances. At the same time, cases of illicit trafficking in narcotic drugs or psychotropic substances, as well as ways to prevent and limit such crimes, are being studied.

Key words: narcotic or psychotropic substances, drugs, narcotics, illicit trafficking, criminal liability.

Есірткі және психотроптық заттарды медициналық емес жолмен қолдану мәселесі біздің елімізде етек алған. Қолданылған шараларға қарамастан есірткі және психотроптық заттарды заңсыз тұтынушылар саны сол қалпында қалып отыр. Бұл қазіргі таңда алаңдататын жайт. Құқық қорғау және нашақорлық пен есірткі бизнесінің таралуына қарсы іс қимылға қатысатын басқа да мемлекеттік органдардың басты назары халықтың есірткі құралдарымен психотроптық заттарға қолжетімділігін барынша шектеуге бағытталатыны мәлім. Осыған байланысты аталған салада стратегияның негізгі ұстанымдары елге заңсыз есірткілерді әкелуді болдырмаумен, есірткілерді заңсыз айналымға өтуінің алдын алумен байланысты болып табылады.

Есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында мемлекеттің өзіне баса назар аударатын орталық проблемалары контрабанда көлемінің және опиаттар мен синтетикалық есірткілердің неғұрлым қауіпті түрлері транзитінің өсуі болып қалуда. [1, 45 б.].

Республиканың есірткі нарығындағы контрабанда құрамасын ескере отырып, шетелдердің ең алдымен шекара маңындағы елдердің құқық қорғау және арнайы органдарымен ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге баса назар аударылуы тиіс. Осы мақсатта есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында, атап айтқанда “бақыланатын жеткізілім” әдісі бойынша бірлескен арнайы операциялар мен іс шараларды өткізу, қылмыстық кірістерді және басқа шараларды заңдастыруға қарсы шараларды жүзеге асыру кезінде кең халықаралық ынтымақтастық үшін құқықтық негіздерді құрайтын нормаларды жетілдіруді және бірыңғайлауды жалғастыру қажет. Түрлі мемлекеттер оқу орындарының базасында оқытуды және біліктілікті арттыруды ұйымдастыруда халықаралық ынтымақтастықтың рөлін күшейту қажет. Есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күрестің ақпаратымен, тәжірибиесімен және тәсілдерімен алмасу мақсатында құқық қорғау және бұдан әрі ұдайы жүзеге асыру қажет. Қатысушысы ҚР-сы болып табылатын есірткілердің заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы күрес саласында екі жақты және көпжақты шарттар мен келісімдер практика жүзінде іске асырылатын болады. Осыған байланысты Шанхай ынтымақтастық ұйымы. “Орталық Азия ынтымақтастығы” және ТМД сияқты интеграциялық құрылымдар шеңберінде қабылданған келісімдерді іске асыруға сондай-ақ осы салада халықаралық ұйымдармен, шет елдермен және олардың құзіретті органдарымен ынтымақтастық туралы жаңа шарттарды әзірлеуге және оларға қол қоюға баса назар аударылатын болады. Ішкіреспубликалық деңгейде кеден бекеттерін, ҰҚК Шекара қызметінің жекелеген бақылау-өткізу бекеттерін, есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күресті жүргізетін республиканың құқық қорғау және арнайы органдарындағы криминологиялық қызметтерді ұйымдастырушылық-кадрлық және техникалық нығайтуды жалғастыру қажет. Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің тиімді жұмысының маңызды шарты өзінің құрылымдық бөлімшелерінің жергілікті жерлердегі қызметін үйлестіретін, олардың қызметінің нәтижелерін талдайтын және жинақтайтын, әдістемелік басшылықты жүзеге асыру және оны жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайтын, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық топтар немесе қылмыстық қоғамдастықтар жасаған есірткілермен байланысты неғұрлым күрделі қылмыстарды ашуға және тергеуге қатысатын орталық аппараттардың бөлімшелерін ұйымдастырушылық әдістемелік және кадрлық жағынан нығайтуды жалғастыру болып табылады.

Заңсыз ақшалай қаражаттың ұлттық қаржы жүйесіне енуіне жол бермейтін қаржылық реттеудің тиімді режимін қамтамасыз етумен қатар, есірткі бизнесінен алынған ақшаны ағартуға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіру қажет. Осыған орай құзіретіне осы санаттағы қылмыстарды анықтау және олардың жолын кесу кіретін мемлекеттік органдармен өзара іс қимыл тетігі жолға қойылатын болады [2, 54 б.].

Есірткі құралдарының психотроптық заттардың заңсыз таралу жолдарын анықтау және жолын кесу мақсатында “Көкнар,” “Допинг”, “Арна”, “Тосқауыл” және басқа да кешенді жедел алдын алу операцияларын жүргізу кезінде қажетті техникалық қолдаумен қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды жүзеге асыру кезінде шетелдердің ең алдымен шекара маңындағы елдердің құзіретті органдарымен өзара іс-қимыл жасасуды жетілдіру керек. Заңсыз есірткі айналымына және есірткі пайдаланушыларға қарсы жүргізіліп жатқан шараларды әлсіз деуге келмес. Алайда мемлекеттік мекемелерде қабылданып жатқан жұмыстардың пәрмені әлі де болса дөптеген жеріне жетпей жатқандай. Тек акциялық сипатта жүргізілетін шараларға жүйеліліктің жетіспейтіні анық.

Нашақорлық былайша айтсақ ауадан да тез тарайтын аса қауіпті емі қиын дерт. Есінен танып, көзіне еш нәрсе көрінбей, ешнәрседен қорқу, үркүден ара, кез келгенде атылатын адам бейнесіндегі екі аяқты пендені көз алдыңызға елестетіп көріңіздерші.

Олардың бар іздегені көрген баққаны көздегені қалайда есірткі қабылдау болады. Қазақстандық қоғамды есірткілендірудің әлеуметтік мәдени факторлары ұлт денсаулығының негізі ретінде есірткіге деген қоғамдық иммунитеті қалыптастыруға ең алдымен мемлекеттік әлеуметтік саясат және орта, жоғары білім беру жүйесіндегі жастар арасындағы жұмыс бағытталуы тиіс. Бұд ретте осы саладағы негізгі бағыт беретін күш тек орталық, жергілікті атқарушы билік органдарының ғана емес, азаматтық қоғам институттарының да қызметі болуы тиіс. Әсіресе балалар, жастар мен әйелдер арасында салауатты өмір салтын, есірткісіз өмірді насихаттау есірткіге қарсы мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі болуы тиіс. [3, 86 б.].

Осы тұрғыда ең ортақ алдын алу іс-шаралары ретінде еліміздің жекелеген өңірлерінде есірткі пайдаланатын адамдар санының өсуіне ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, салауатты өмір салтын ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, салауатты өмір салтын жүргізуге ұмтылысты ынталандыратын бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуді айтуға болады. Қоғамдық санада адамның денсаулығы өзі үшін де, тұтастай қағам үшін де құндылық болып табылатындығы жөніндегі идеяның алатын орны барған сайын қомақты болуы тиіс. Оны есірткі пайдаланатын адамдар мен жұмыстағы маңызды психологиялық алғышарт деп есептеуге болады. Өйткені өзінің денсаулығына деген көзқарастың өзгеруі басқа да алдын алу және емдік бағдарламаның іске асырылуын жеңілдетеді.

Бұл үшін ең алдымен балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында нашақорлықтың алдын алу жөніндегі көп сатылы білім беру бағдарламасын құру қажет.

Аталған міндет екі негізгі құрамдас бөліктің болуын көздейді: ПБЗ-ны теріс пайдаланудың алдын алу мәселелері жөніндегі білім бері мекемелерінің қызметкерлерін дайындау, қайта дайындау процесін жолға қою және олар бойынша педагогтар алдын алу жұмысымен айналыса алатындай арнайы әдебиет пен құралдар шығаруды ұйымдастыру қажет.

Халыққа есірткілердің зиянды туралы кең көлемде ақпарат беруге көп көңіл бөлінуі тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары көпшілік қауым үшін қажетті білімнің негізі көзі болып есептелуі олардың бұл мәселедегі жауапкершілігін арттырады. Екінші жағынан есірткі заттарының жарнамасында, есірткілер туралы босаңсу, рахаттану, бедел жинау құралы, өмірдің жеңіл стилі делініетінің атрибуты ретіндегі теріс түсініктер уағызына жол бермеу жөніндегі жұмыс жүргізілуі тиіс [4, 56 б.].

Бұдан басқа, тікелей есірткіге қарсы насихат қарсы жарнаманың орналасуын және баспа және электронды жүйелі қоғамдық саяси, талдамалық және көркем жарияланымдары дайындауды, сондай-ақ есірткіге тақырыптағы тұрақты теледидар бағдарламалары мен хабарлардың ұйымдастыруды және өткізуді қоса алғанда, мемлекеттік тапсырысты орындайтын бұқаралық ақпарат құралдарында болуға тиіс.

Есірткіге қарсы қоғамдық ұстанымды күшейтуді маңызды факторы жастар арасындағы патриоттық көңіл күйдің өсуі болып табылатындықтан, кең көлемде мәдени тәрбие жұмысын және оқушылардың, студенттердің, олардың ата-аналарының арасында есірткіге қарсы белсенді насихат жүргізуді негізге ала отырап, оқушылар мен студенттердің (нашақорлық

Қазақстанның болашағына төнген қатер атты бүкіл Қазақстандық қозғалысын қалыптастыру іс шараларды жалғастыру қажет.)

Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын қоғамды құнды ынталандары мен бейімділіктері негізінде ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Бұл үшін спорттық секциялар, қызығушылығы бойынша шығармашылық үйірмелер, аула клубтары желілері жер жерде кеңейту, балалардың бос уақытын ұйымдастыру кезінде пікір сайыстар, дискотекалар, плакаттар мен суреттер конкурстарын, викториналар, және есірткіге қарсы бағыттағы басқа да іс шараларды өткізуді көздеу қажет.

Бұдан басқа есірткіге иммунитетті қоғамның өзі қалыптастыруы тиіс. Мемлекет нашақорлықтың және есірткі бизнесінің таралуына қарсы күресте азаматтық қоғам институттары, түрлі қоғамдық саясат және үкіметтік емес ұйымдар жекелеген азаматтар арасында бастамашылықты дамыту және көтермелеу үшін барлық қажетті жағдайларды жасау қажет. Алдын алу жұмысына мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру арқылы үкіметтік емес ұйымдарды неғұрлым белсенді түрде тарату, қызметті ПБЗ-ға тәуелділіктің бастапқы алдын алуға бағытталған қазіргі қоғамдық ұйымдарды қолдауды жүзеге асыру және жаңаларын құруға барынша жәрдемдесу, осы салада ғылыми таңдамалық және зерттеу жұмысын жүргізу қажет.

Дінге сенетіндермен олардың жақындарына есірткіні қабылдауы орнықты қалыптастыру бойынша діни конфессиялармен тығыз ынтымақтастықты ұйымдастру қажет.

Нашақорлықтан зардап шегетін адамдарға деген теріс көзқарасты жеңу мемлекет пен қоғамдық ұйымдар қызметінің негізгі бағыттарың бірі болуға тиіс.

Аталған ісшаралар кешені есірткіге деген қоғамдық иммунитетті қалыптастыруға және қоғамның есірткіге бейімделуін әлеуметтік мәдени факторларын әсерін төмендетіге мүмкіндік береді. Есірткілік бизнеске қарсы әрекет ету мәселесінің күрделілігі соншалық, бүгінгі таңда ешқандай мемлекеттің оның тиімді шешімін табуы қиынға соғып отыр. Мұндай жағдай саясаттағы осы мәселе төңірегінде әр түрлі пікір туындатады. Алайда бір нәрсе ақиқат: әлеуметтік – экономикалық іс шаралардың кең көлемді бағдарламасы болып бекітілген позитивті қозғалыстар құқықтық құралдар бар жерде ғана мүмкін болады. Қылмыстық құқықтық жауапкершілік шегінің ескерту маңыздылығын жоғары бағалауға болмайды. Құқық қорғау орындарының қызметін жетілдіру – есірткі бизнесіне қарсы күрестегі мемлекеттік іс шаралардың жиынтығы міндеттерінің бірі ғана. Сонымен бірге саяси және экономикалық сәттілік құтқару құралы бола алмайды. Тіпті керісінше, мемлекеттің даму деңгейі неғұрлым жоғары болса, басқа да бизнес түрлері сияқты есірткі бизнесі үшін де ол соғұрлым үлкен қызығушылықты көрсетеді, себебі, ол табыс көзінің максималды болуының басты мақсаты.

Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күресте болашақта жақсы нәтижеге жету үшін, «Жұ-мыла көтерген жүк жеңіл» деген халық даналығының негізінде жалпы облыс тұрғындары болыпкеле сідей маңызды міндеттерді атқару қажет деп есептейміз:

1. Ең алдымен уәкілетті мемлекеттік органдармен нашақорлыққа қарсы қоғамдық қорғаныс қабілетін әлеуметтік иммунитетті (наркоиммунитетті) қалыптастыруды қамтама сөз ету қажет. Бұл үшін мемлекеттік әлеуметтік саясат, білім беру жүйесіндегі жастар арасындағы ең көлемді мәдени тәрбие жұмыстарын балалардың бос ақыттарын қоғамдық құнды ынталар мен бейімділіктері негізінде ұйымдастыру арқылы жүзеге отырып, осы салада негізгі бағыт беретін

күш – жергілікті атқарушы билік органдары мен азаматтық қоғам институттарының жұмыстарын жетілдіру және жандандыру, ең бастысы – нашақорлыққа итермелейтін басты себептер мен жағдайларды зерделеу және оларды қалпына келтіру қажет.

2. Есірткі пайдаланатын адамдардың өз ден саулығына көзқара сын өзгерту, олардың санасына адам ден саулығы өзі үшін де, тұтастай қоғам үшін де құндылық болып табылатындығы туралы идеяны түсіндіріп, жеткізу – маңызды психологиялық алғышарты болып табылатын салауатты өмір салтын жүргізуге ұмтылысты ынталандыратын Бағдарламаларды күшейту. Өйткені, адамның өз денсаулығына көзқарасының өзгеруі басқа да алдын алу және емдік бағдарламалардың іске асырылуын жеңілдетеді. Азаматтардың құқықтық сауаттарын арттыру арқылы өз еркімен немесе көндіру арқылы оңалу үшін жағдай туғызу. [5, 135 б.].

Қорыта келе мен есірткі және психоторопты заттар бизнесімен күресте мына шаралар шұғыл түрде шешімін табу керек деген ұсыныс жасап отырмын: Заңсыз есірткімен күресте мамандарды құқық қорғау орындары мен арнайы оқу мекемелерінде қайта дайындықтан өткізу, “психиатр-нарколог” мамандығы бойынша кадрлар дайындау.

Нашақорлық дертіне шалдыққандарды емдеу және қатарға қосу жұмыстарының сапасын жақсарту. Елді мекендерде жабылып қалған наркологиялық диспансерді қайта ашу.

Мектептер мен кәсіби мамандық беретін барлық оқу орындарында нашақорлыққа қарсы әлеуметтік-иммунитеті қалыптастыратын арнайы бағдарлама қабылдау, дамыту.

Есірткіні шекарадан алып өту, тарату бойынша қылмыстық жауапкершілікті қатайту. Әлемдік тәжірибиеге сәйкес наркологиялық қызметті түп-тамырымен жаңғырту.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Боранбаев Е. Есірткі елді бүлдіреді [Текст] / Е. Боранбаев; сұхбаттасқан А. Шахин // Заңгер. 2014. №6. С. 33-35 б. (Правовая доктрина. Юридическое сообщество).

2. Федорюк С.Ю. Проблемы уголовно-правовой регламентации ответственности за незаконный оборот наркотических средств и психотропных веществ и их аналогов Текст. : автореф. дис. . канд. юрид. наук / С. Ю. Федорюк. – Ставрополь, 2014.

3. Харьковский Е.И. Уголовная ответственность за незаконный оборот наркотических средств и психотропных веществ Текст. : автореф. дис. . канд. юрид. наук / Е. И. Харьковский. М., 2012.

4. Бекежанов Д.Н. Есірткі, жүйкеге әсер ететін зиянды заттарды құқықтық реттеудің мәселелері [Текст] / Д. Н. Бекежанов // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сер.= Вестник КазНУ. Сер. юридическая. 2013. №1. С. 77-80. (Қылмыстық құқық және криминалистика).

5. Қаржасова Г.Б., Балгимбеков Д. У., Байкенжина К. А. Есірткі заттары немесе психоторопты заттардың заңсыз айналымы қылмысының алдын алу жолдары // Международный научно-популярный журнал НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА. 2018. №4(60). – С. 131-135.